

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 56

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

269 / 269-272

Автор(лар):

Қадим Айкөркем Жомартқызы

Мақала атауы:

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Қадим Айкөркем Жомартқызы

6B04202-Құқық қорғау қызметі білім бағдарламасының 3 жылдық 2 курс студенті
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, заң магистрі - **Куккузова Э.И.**

Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев ««Қазақстан -2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында: Сыбайлас жемқорлық – тек заң бұзушылық ғана емес, ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сейілтеді және ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қауіп болып табылады» деп атап өткен болатын.

Егеменді елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы көптеген іс-шаралар атқарылуда. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы Заң қабылдады, кешенді мемлекеттік бағдарламалар жасалды, өмірдің талабына сай оларға күрделі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырды. 2011 жылдың 31 наурызында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған Үкіметтің салалық Бағдарламасы» қабылданды.

Аталған бағдарламаның жалғасы ретінде келесі кезеңге көштік - Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша НұрОтан партиясымен 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бағдарламасымен әзірленіп, қабылданып жария етілді [1].

Сыбайлас жемқорлық қазіргі кезеңнің ең қауіпті жағдаяттарының бірі. Бұл қауіпті дертпен күресу үшін әрбір қазақстандық барынша атсалысуы керек. Ол үшін барша халықтың ерік жігері, сондай-ақ еліміздегі әрбір азаматтың түбегейлі ой ұстанымы қажет. Осы жемқорлықпен күресу жолдарын түсіндіруде, оның еліміздің экономикасы мен әл-ауқатына тигізер залалы жайлы жастар арасында құқық қорғау органдарының өкілдерімен жиі кездесулер өткізіліп, «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты түрлі іс-шаралар атқарылып келеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық дамуын, нарықтық экономиканы құруда инвестицияларды тарту кезеңіне тежеу болады және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс ретінде танымал.

2015 жылы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл заңның қабылдануы уақыттың талабы ретінде қарастырылды. Әрі аталған заң актісі Сыбайлас жемқорлықпен күресудің саясатын жүргізудегі кезеңге өтудің жалғасы болып саналды [2].

Аталып кеткен заңның қабылдануымен қатар, өмірге жаңа форматтағы заң қабылданды, бұл заң мемлекеттік қызмет саласын қамтуға негізделген. 2015 жылы 23 қарашада «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған еді.

Бұл екі заң актісі – болашақ жастардың өміріндегі жат қылыққа, жемқорлық әрекеттерге жол бермеуіне негіз болатын, оған төзбеушілік қағидатын қалыптастыратын бастама болмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер бойынша шараларды жетілдіру, студенттер арасында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы тәртіп пен бекітілген заңды сақтауды қадағалау, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет рухында тәрбиелеу қажет.

Жоғары білім беру жүйесінде жемқорлықты түп-тамырымен жоюға ат салысу – жоғары білікті мамандарды дайындауда бәсекелестікке қабілетті білімді қалыптастырудың ең негізгі міндетінің бірі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – халқымыз бен мемлекетіміздің негізгі құндылығы болып табылатын Тәуелсіздігімізді нығайтудың басты талабы. Сол себептен, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас пен құқықтық сана қалыптастыру қажет және де сыбайлас жемқорлық көріністерін жоюда, шешуші және соңғы сөз ЖАСТАР тарапынан болуы керек! Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрестің идеялық негізін партияның саяси Доктринасында бекітілген Заңның үстемдігі, Әділеттілік, Отбасы және дәстүр сынды әмбебап құндылықтар – құрауы тиіс деп есептейміз.

Алдағы уақытта да жастар тарапынан осы мәселеге қатысты құнды ұсыныстар қабылданып, соның аясында түрлі іс шаралар ұйымдастыру мәселесі басты назарда тұр. Бастысы жастардың бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселенің шешімін табуына атсалысып, белсенділік танытуы құптарлық-ақ.

Атырау өңірі бойынша жастарының «Жемқорлықты тоқтатайық» деп аталатын жастар арасында жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбындағы дөңгелек үстелде Үндеуі тыңдалды.

«Әділетті, адал болайық!», «Ар-ожданыңды сақта!», «Ар және абырой өз қолыңда!» тақырыптары бойынша диспуттар ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Параны беруші, пара алушы және заң» тақырыбында дөңгелек үстел және он-лайн режимінде «Жемқорлық залалы», «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптары бойынша интерактивтік ашық сабақтар өткізілуде.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының бағыттарын түсіндіру мақсатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде 2014, 2015 жж ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент басшысы М.М.Ахметжановтың, 2016, 2017жж «Түрлі әлеуметтік топтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» оқыту курсы бағдарламасының орындалысын жүзеге асыру үшін облыс көлеміндегі ЖОО студенттеріне түсіндіру шаралары туралы, сыбайлас жемқорлықпен күресу және алдын алу бағытындағы жұмыстары туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы Алмаз Кәрімжанұлы Кәрімжановпен студенттердің кездесулері өткізілді.

2017 жылдың қазан айында, 2018 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент басшысы Жұмағұлов Тоқтамыс Қадосұлы университеттің студент-жастарымен кездесу ұйымдастырып, студенттердің қойған сұрақтарына жауап берді. Студенттер тарапынан белсенділік танытылды.

Университетімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, білім ордасында оны мүлде болдырмау үшін жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтар болсақ, «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Оқытушылар студенттер көзімен» тақырыбында сауалнама жүргізіледі, «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Таза сессия» атты акциялар өткізіледі, және оны өткізу үшін арнайы штаб құрылды. Емтиханды ұйымдастыру, қабылдау ережелерін түсіндіру мақсатында және ПОҚ мен қызметкерлер тарапынан этикалық нормаларды бұзу бойынша арыздарды қабылдау үшін қоғамдық қабылдау жұмыс істейді. Сонымен қатар, университетте сенім телефондары университет басшылықтарының блоктары, сенім жәшіктері жұмыс жасайды».

2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты әзірленіп, университет Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасының 36 индикаторларының бірі – «Құқық негіздері» пәніне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыбын мазмұнның 15 пайызынан кем емес мөлшерінде енгізу қарастырылып, техникалық және кәсіби, жоғары білім деңгейлерінің типтік оқу бағдарламаларына қосылды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру негіздері» атты арнайы оқу курсы университеттің барлық мамандықтары бойынша 1 курс студенттеріне арналып бір семестр ішінде дәріс оқытылып келеді. Бұл да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жж арналған бағдарлама»-ның бір тапсырмасы болатын [3].

А.Раджапов «Сыбайлас жемқорлықпен қауқарлы күрес қажет» атты жазған еңбегінде жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін жастарымыз сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс деген болатын.

Дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барысында сыбайлас жемқорлықты рухани жағынан қабылдамауға мән беріледі. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі таңда жемқорлықтың белгілері анықталған кез келген құқықбұзушылықтың түрлерін жоюға Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру бойынша іс-шаралар орындалуда. Себебі, олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалуы да мүмкін. Қазір барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылып, қызметін көрсетіп жатыр [4].

Қазақстан Республикасы бойынша барлық жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары өткізіліп жатыр. Атырау қаласында да мұндай шаралар жиі өткізіліп тұрады. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті басшылығының қолдауымен белсенді студенттердің тарапынан «Саналы ұрпақ» жобасы 2018 жылдың қараша айында қолға алынып, №4 оқу ғимаратында орналасқан «I Space» орталығында тұсаукесері жасалып, ашылды. Атырау қаласы әкімдігінің өкілдері және Атырау облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы мен өкілдері қатысып, университет жастарының бұл бастамасына қолдау артып, алдағы уақытта жұмыстарына сәттілік тілеген еді. Қазіргі таңда жастар арасындағы әртүрлі деңгейдегі іс-шаралар өткізіліп келеді. Университетіміздің белсенді жастары осы идеяны қолға алып «Саналы ұрпақ» сана сезімін қалыптастыруда әр студентке жемқорлық түбі – жауаптылыққа әкелетінін түсіндіруде.

Қандай да бір құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу, соны ішінде жемқорлыққа қарсы тұра алатын ең тиімді іс-шараларды ойланып, жан-жақты белгілерін қатыстыра отырып ұйымдастыру мемлекетіміз үшін өте маңызды болып келеді, болашақ – жастардың қолында. Сол себепті осы кеселмен күресу іс-шараларын жастар қолдарына алуы тиіс. Алғашқы кезеңде сыбайлас жемқорлықты болдыртпау бойынша жұмысты жиі өткізу керек, әрі күшейту маңызды болады. Бұл жерде азаматтардың жемқорлық әрекеттеріне ойларын, көзқарастарын мүлдем өзгертуі аса қажетті. Өмір сүріп отырған ортамызда күрделі және қауіпті мәселелерді шешу барысында кімде кім тыс қалмауы тиіс деп ойлаймыз.

Қазіргі жастар – белсенді қозғалыс күші ретінде қарастырылса, жемқорлықтың алдын алуда осы жастардың орны басты рөлді алуда. Белсенді азамат ретінде қоғамдық бақылауды да жүзеге асыра алады, өзінің ұстанымдарын, ой пікірлерін емін-еркін жеткізе алатын субъекті ретінде танымал. Болашақтың жарқын болуы, халыққа адал қызмет етуі, еліміздің өркендеп дамуы жастардың қолында деп бекер айтылмаған. Ендеше, студенттік жастар қоғамдағы құқықбұзушылықтың, соның ішінде жемқорлық бұзушылықтың алдын алуда белсенділік танытуымыз керек деп қорытындылаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы. 13 қараша 2014 жылы
2. Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы. [Электрондық ресурс]
<https://akimzyrian.gov.kz> сайтынан алынған материал
3. Факультет қабырғасында өткізілген іс-шаралар туралы. [Электрондық ресурс]
[https:// atgu.kz](https://atgu.kz) сайтынан алынған материал
4. А.Раджапов Сыбайлас жемқорлыққа қауқарлы күрес қажет. //Егемен Қазақстан, 5 қаңтар 2018жылы. -1б.